

"Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1316 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 сәуірде № 20253 болып тіркелді

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 22-4-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 36-бабының 1-тармағына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңының 46-бабының 1-тармағына, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы Заңының 15-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1316 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17322 болып тіркеліп, 2018 жылғы 11 қыркүйекте Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2020 жылғы 20 наурыздағы
№ 106 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 28 тамыздағы
№ 1316 бұйрығына
қосымша

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына, "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңына, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы Заңына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленді және патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

1) Аттестаттау комиссиясы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Аттестаттау комиссиясы;

2) кандидат - патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміттену құқығы бар тұлға;

3) көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға, патенттік сенім білдірілген өкілге кандидат;

4) патенттік сенім білдірілген өкіл - Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар, аттестаттаудан өткен және патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы;

5) Тізілім - Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдерінің тізілімі.

"Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" және "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен көрсетіледі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).

2-тарау. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу тәртібі

1-параграф. Құжаттарды қабылдау

3. "Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" мемлекеттік қызметі.

4. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттау Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамасын білуіне тестілеу нысанында жүзеге асырылады.

5. Аттестаттаудан өту үшін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы келесі құжаттарды жолдайды:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кандидаттың электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тілдерінде патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттауға рұқсат беру туралы өтініш;

2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

3) еңбек қызметін растайтын, кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар құжаттың электрондық көшірмесі;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға мемлекеттік баж төлемін растайтын құжат.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы

мемлекеттік баж төлемі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген.

Осы Қағидалардың 2-қосымшадағы көрсетілген мәліметтер аттестаттау емтиханына келген кезде көрсетілетін қызметті алушымен ұсынатын құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес "Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген.

7. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

Жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын және сәйкестігін тексереді. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тиісті түрде ресімделмеген немесе құжаттар топтамасы толығымен ұсынылмаған жағдайда уәкілетті орган олардың түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті әрі қарай қараудан дәлелді бас тарту туралы жазбаша түрінде жауап береді.

Аттестаттауға рұқсат беруден бас тарту сот тәртібінде шағымдалады.

8. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттар аттестаттауына:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдар;

2) уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адамдар;

3) қылмыс жасағаны үшін заң тәртібінде белгіленген өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

4) зияткерлік меншік объектілерін қорғау саласындағы заңнамаларына сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған адамдар жіберілмейді.

9. Уәкілетті орган құжаттардың түскен күні оны қабылдауды және туркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген болса, Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетуінің нәтижесін алу, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баж төлемі туралы ақпаратты көрсетілетін

қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

2-параграф. Аттестаттауды өткізу

10. Аттестаттауға рұқсат берілген кандидаттардың тізімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.

Аттестаттауға рұқсат берілген кандидат үш жұмыс күні бұрын тестілеуден өту орны, күні, уақыты туралы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда хабарланады және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Кандидат жеке басын куәландыратын құжат ұсынған кезде бір жұмыс күні ішінде емтихан тапсырады.

11. Кандидат өз қалауы бойынша аттестатты қазақ немесе орыс тілінде өтеді. Аттестацияның басталуына дейін кандидат өз тіл қалауын жазбаша түрде растайды.

12. Тестілерге енгізілуі тиісті сұрақтар тізбесін аттестаттау комиссиясымен бекітеді. Кандидаттардың білімін бағалауға арналған сұрақтар патенттік сенім білдірілген өкілдерге қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық пәндерінің тақырыптарына ("Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы", "Қазақстан Республикасының Патент заңы", "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы", "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары) сәйкес келуі және біреуі дұрыс болатын жауаптардың кемінде төрт нұсқасын қамтиды.

Тестілеу компьютерлік техниканы пайдалана отырып өткізіледі. Тестілеуге бөлінген уақыт тоқсан минутты құрайды.

Тест құпия ақпарат болып табылады және еркін жариялауға жатпайды.

Аттестаттауды өткізер алдында Аттестаттау комиссиясы кандидатты аттестаттауды өткізу тәртібі, ұзақтығы және іріктеу рәсімінің мазмұны туралы хабардар етеді.

13. Аттестаттау комиссияның отырысында оның күні, уақыты мен орны, аттестаттаудан өтушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болғанда), тестілеу нәтижесі көрсетілетін хаттама (бұдан әрі - Комиссияның хаттамасы) жүргізіледі.

14. Тестілеуден шеттетілген кандидат келесі аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта беру құқығынан айырылмайды.

15. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу қолданылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басылып шығарылады және аяқтала салысымен бірден үміткерге жеке қол қойдыру арқылы танысу үшін ұсынылады.

Тестілеу нәтижелері бар парақтың бір данасы үміткерге тапсырылады, екіншісі Аттестаттау комиссиясына беріледі.

16. Егер дұрыс жауаптардың саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 % және одан жоғары құраса, кандидат тестілеуден өтті деп саналады.

Жауапты орындаушы тестілеу нәтижесі бойынша хаттама дайындайды және екі жұмыс күні ішінде оны құрылымдық бөлімшенің басшысы мен көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасына иқол қоюға жолдайды.

Хаттамаға комиссияның төрағасы және оның орынбысары қол қояды.

Хаттама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ жолданады.

17. Аттестаттау тиісті жартыжылдықтың соңғы айының 7 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

18. Көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша мемлекеттік қызмет патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға рұқсат беру және патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу туралы өтініш негізінде осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "бір өтініш" қағидаты бойынша "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметінің жиынтығымен көрсетіледі.

3-параграф. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін беру

19. "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметі.

20. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін алу үшін кандидат "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы келесі құжаттарды жолдайды:

1) кандидаттың ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат түріндегі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу үшін осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркелгені үшін мемлекеттік баж төлемін растайтын құжат.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, ЭУТШ арқылы мемлекеттік баж төлемі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі үш жұмыс күні ішінде беріледі.

Мемлекеттік қызметті "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген кезде патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркелген мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат ұсынылған күннен бастап беріледі.

21. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мәліметтерді

қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген.

22. Уәкілетті орган құжаттардың түскен күні оны қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген болса, Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетілуінің нәтижесін алу, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын және сәйкестігін тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Жауапты орындаушы құжаттарды тексеру нәтижесінен кейін, осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін рәсімдейді және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін құрылымдық бөлімшенің басшысына келісуге жібереді - орындау мерзімі бір жұмыс күні.

23. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті тұлғаның қолы қойылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне бір жұмыс күні ішінде жолданады.

4-параграф. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде және оған өзгерістер енгізуді тіркеу

24. Тізілімге куәлік алған патенттік сенім білдірілген өкілдердің және олардың алдағы уақыттағы өзгерістері туралы мәліметтері енгізіледі. Тізілім уәкілетті органмен жүргізіледі және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

25. Тізілімде келесі мәліметтер көрініс табады:

- 1) куәлік нөмірі болып табылатын реттік тіркеу нөмірі;
- 2) патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу күні;
- 3) патенттік сенім білдірілген өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болғанда);
- 4) тұрақты тұрғылықты жері;
- 5) Аттестаттау комиссиясының шешімінің нөмірі және күні (тіркеуді жүргізуге негіз болған құжат);
- 6) хат алмасу үшін мекен-жайы, сондай-ақ бар болған жағдайда телефон, телетайп, телефакс нөмірлері, хат жазысу тілдері;
- 7) жұмыс орны, лауазымы;
- 8) куәлікті беру немесе жіберу туралы мәліметтер;
- 9) тоқтата тұру туралы мәліметтер;

10) Тізілімнен алып тастау жөніндегі мәліметтер.

26. Осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген патенттік сенім білдірілген өкілдердің мәліметтері өзгерген жағдайда, патенттік сенім білдірілген өкіл бір ай мерзімде осындай мәліметтер өзгерген сәттен бастап ол туралы уәкілетті органға хабарлайды.

3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

27. Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшенің қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану көрсетілетін қызметті берушінің басшысының және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына беруге болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

28. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Патенттік сенім білдірілген
өкілдерге кандидаттарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің
тізілімінде тіркеу және оған
өзгерістер енгізу қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Аттестаттау комиссиясының
төрағасына

(азаматтың тегі, аты, әкесінің
аты (бар болған кезде), жеке
сәйкестендіру нөмірі)
мекен-жайы

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы,
елді мекені, көше атауы, үй/ғимараттың
нөмірі)

Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға рұқсат беру туралы өтініш

Мені Қазақстан Республикасы патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттауға өтуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Телефонның нөмірі:

E-mail:

Факс:

Талап етілетін құжат топтамасы:

- патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

- еңбек қызметін растайтын, кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар құжаттың электрондық көшірмесі;

- патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін мемлекеттік баж төлемін растайтын құжат.

Қосымша _____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

Патенттік сенім білдірілген
өкілдерге кандидаттарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің
тізілімінде тіркеу және оған
өзгерістер енгізу қағидаларына
2-қосымша

Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттаудан өту үшін мәліметтер

_____)
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі

1. Диплом туралы мәлімет:

1) жоғары оқу орнының атауы _____

2) дипломның нөмірі _____

3) дипломның берілген күні _____

4) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
нострификациялау немесе тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжат
сериясы және нөмірі: _____

негіздеме: күні және нөмірі _____

тіркеу нөмірі және күні _____

Жеке тұлға _____ күні: _____

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтерді пайдалануға келісемін

Патенттік сенім білдірілген
өкілдерге кандидаттарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің
тізілімінде тіркеу және оған
өзгерістер енгізу қағидаларына
3-қосымша

Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері

Бенефициар - ҚР ҚМ МКК Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Мемлекеттік кіріс
департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кіріс басқармасы РММ

БСН - 081240013779

ЖСК - KZ24070105KSN0000000

БСК - ККМФКЗ2А

Бенефициар Банкі - "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" ММ,
Нұр-Сұлтан қаласы.

КБЕ-11

Бюджеттік сыныптама коды (БСК) - 108125

Патенттік сенім білдірілген
өкілдерге кандидаттарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің

тізілімінде тіркеу және оған
өзгерістер енгізу қағидаларына
4-қосымша

"Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"Электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	аттестаттау емтиханы тиісті жартыжылдықтың соңғы айының 7 жұмыс күні ішінде жүргізіледі
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Аттестаттау емтиханын тапсыру қорытындысы бойынша оң немесе теріс шешім не осы қосымшаның 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік баж көрсетілетін қызметті алушымен 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің 614-бабында белгіленген төлемнің соммасын және күнін растайтын төлем құжаттарын беретін Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді: патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш. Төлем қолма-қол немесе аударым арқылы есеп айырысу жолымен, "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы немесе екінші деңгейлі банк арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген.
7	Жұмыс кестесі	1) порталдікі - тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жүгінген жағдайда жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мейрам күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) 2) қызмет көрсетушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін
8		1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кандидаттың электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тілдерінде патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттауға рұқсат беру туралы өтініш; 2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер; 3) еңбек қызметін растайтын, кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар

	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі</p> <p>құжаттың электрондық көшірмесі; 4) патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға мемлекеттік баж төлемін растайтын құжат. Осы Қағидалардың 2-қосымшадағы көрсетілген мәліметтер аттестаттау емтиханына келген кезде көрсетілетін қызметті алушымен ұсынатын құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырылады.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz интернет-ресурсында және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz сайтында орналастырылған. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталда қашықтықтан қолжетімділік режим арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша мемлекеттік қызмет осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бір өтініш негізінде "бір терезе" қағидаты бойынша "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметінің жиынтығымен көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-09-69, 55-88-21. Бірыңғай байланыс-орталығы - 1414, 8 800 080 7777.</p>

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу қағидаларына
5-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Аттестаттау комиссиясының
төрағасына

(азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі)
мекен-жайы

(пошталық индексі, облысы,
қаласы, ауданы,
елді мекені, көше атауы,
үй/ғимараттың нөмірі)

Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға рұқсат беру және патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу туралы өтініш

Мені Қазақстан Республикасы патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттауға өтуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Аттестаттау емтиханын тапсыру қорытындысы бойынша оң шешімнен кейін патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беруіңізді сұраймын.

Телефонның нөмірі:

E-mail:

Факс:

Талап етілетін құжат топтамасы:

- патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

- еңбек қызметін растайтын, кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар құжаттың электрондық көшірмесі;

- патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркегені үшін мемлекеттік баж төлемдерін растайтын құжат

Қосымша _____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

Патенттік сенім білдірілген
өкілдерге кандидаттарды
аттестаттаудан өткізу, патенттік
сенім білдірілген өкілдердің
тізілімінде тіркеу және оған
өзгерістер енгізу қағидаларына
6-қосымша

нысан

Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігі

Аттестаттау комиссиясының

төрағасына

кімнен

(азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі) мекен-жайы

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу үшін өтініш

Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін маған беруіңізді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қосымша: ____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу қағидаларына
7-қосымша

"Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"Электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	3 жұмыс күні ішінде
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) жолданады. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің ұсыну нысаны: электрондық.

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік баж көрсетілетін қызметті алушымен 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің 614-бабында белгіленген төлемнің соммасын және күнін растайтын төлем құжаттарын беретін Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді: патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркелгені үшін - 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш. Төлем қолма-қол немесе аударым арқылы есеп айырысу жолымен, "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейлі банк арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген.
7	Жұмыс кестесі	1) порталда - тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жүгінген жағдайда жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мейрам күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) 2) қызмет көрсетушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі	1) кандидаттың ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат түріндегі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу үшін осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу үшін мемлекеттік баж төлемін растайтын электрондық құжат. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баж төлемі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Көрсетілетін қызметті алушы осы қосымшаның 8-тармағына сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда қызмет беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Мемлекеттік қызметті "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркелген мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат ұсынылған күннен бастап есептеледі. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz интернет-ресурсында және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz сайтында орналастырылған. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталда қашықтықтан қолжетімділік режим арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-09-69, 55-88-21. Бірыңғай байланыс-орталығы - 1414, 8 800 080 7777.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінде тіркеу және оған өзгерістер енгізу қағидаларына
8-қосымша
нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ	МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
[УО мемлекеттік тілдегі деректемелер] Нөмірі: [Номер Свидетельства] Берілген күні: [Дата выдачи]	[УО орыс тілдегі деректемелер]

ПАТЕНТТІК СЕΝІМ БІЛДІРІЛГЕН ӨКІЛДІҢ КУӘЛІГІ

Патенттік сенім білдірілген өкілі ретінде тіркелген [Тегі] [Аты] [Әкесінің аты (болған жағдайда)] берілді.

Тіркеу туралы жазба ___ жылғы "___" _____ №___ патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізілген.

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)]